

жоңғарлардың жер бетінен жойылып, тұқымымыздың тұздай құрып кетуінен аман алып қалды. Қазақ хандары билігі тарихында Абылай – «ұлы» хан ғана емес, сонымен қатар, Қазақстан территориясының қауіпсіздігін, дипломатиялық қатынастарды нығайта отырып, өз беделі мен көрегендік саясатының арқасында сақтай алған дарынды тұлға болды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевта Абылайдың жеке басына: «Ел басына ауыр күн туған XVIII ғасырдың орта тұсында ұлы ханымыз Абылай керемет қолбасшы ретінде де, ақылы терең дипломат ретінде де таныла білді» деп жоғары бағалады. Абылай ханның өміріне, қайраткерлік, қолбасшылық қызметіне шетелдік тарихшылар да өз пікірлерін айтумен келеді. Ағылшын зерттеушісі М.Олкот: «Абылай – қазақтың соңғы тәуелсіз ханы. Ол хан болу үшін Ресей өкіметіне жүгінген жоқ. Билікті тура өз халқының қолынан алды», ал академик В.Бартольд «XVIII ғасырдың хандарының ең күдіреттісі – Абылай. Ол өте қу саясат жүргізді. Қазақ еліне қажет шешімді бірден қабылдап, ұлтқа қатысы жоқ мәселені бойына жолатпады» деп ерекше ұлығылады. Бұл Абылай ханның дипломатиялық еңбегіне берілген лайықты баға десек болады.

Айбарлы Абылайдың аңсаған асқақ арманы, ұлы мұраты – Тәуелсіздіктің қызығын бүгінгі ұрпақ көріп отыр. Қазақстан қазір төрт құбыласын тегіс мойындатқан іргелі елге айналды. Қандай қиын-қыстау замандарды бастан өткерсе де, елдігін жоғалтпаған қазақ халқы Абылай армандаған мамыражай бейбіт өмірді көрді.

Абылай заманы ерліктің, жаугершіліктің ғасыры деп бағаланбайды, ынтымақтың іс-жүзінде тұтасқан кезеңі деп өнегелеп кетеді. Бүгінгі таңда да бірлігіміз кетсе, елдігіміз кететінін терең ұғынған жөн. Сондықтан әрқайсысымыз Тәуелсіз Қазақ елінің басына қонған бақытын баянды ету жолында ұлтжандылық пен намыстылықты, ауызбіршілікті, ана тілімізді, салт-дәстүрімізді ұрпақтан-ұрпаққа ұлағат етіп қалдырып, ғасырдан-ғасырға аманаттайық. Бірліктің дәуірі болған Абылай хан заманын өнеге тұтып, оның тағылымын бойымызға дарытайық.

Әдебиеттер тізімі

1. Баяндин Н. Дала жұлдызы. - А., 1990 ж.
2. Бірмағанбетов Ә. «Туған өлкені зерттеушілер». - Алматы, 1978.
3. Абылай хан. Кенесары: (ұлт-азаттық қозғалыс мәселелері) – Алматы: Ғылым, 1993.
4. Ч. Валиханова – Ч.Ч.Валиханов. Собр. Соч.: в 5-ти т. - Алма-Ата, 1972, Т. 5.
5. Дулатова Д., “Шоқан - тарихшы”. - А: “Қазақстан” 1982 ж.
6. Ә.Х.Марғұлан «Шоқан шығыстанушы Шыңғысұлы Уәлихановтың өмірі мен қызметі – Кіт.: Шоқан Уәлиханов таңдамалы. - А., 1989 5-том. 42-43 бет.
7. Сүлейменов Б., Моисеев В.А. Шоқан Уәлиханов Шығыстанушы. - Алматы, 1985.
8. Қасымбеков М. Шоқан шығыстанушы. //Қазақстан тарихы әдістемелік журнал, 2005. №11. 40 бет.

БАЛАСАҒҰН ЖАЗБА ДЕРЕКТЕРДЕ

Койшыбаева Е.А

Ғылыми жетекші: тарих магистры, аға оқытушы Сақабай Т.Қ.
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Орта ғасырларда Қазақстан аумағында қала мәдениеті ерекше дамыған болатын. Солардың ішіндегі аз зерттелген және сыры ашылмай келе жатқан қаланың бірі Баласағұн қаласы болып табылады. Бұл қаланың қай жерде орналасқанын анықтауға шығыстанушы ғалымдар В.В.Бартольд, А.Н.Бернштам, М.Тынышбаев үлес қосты. Сонымен қатар ортағасырлық ғалым Әбу-Райхан Әл-Бируни (X-XI ғ.) және араб саяхатшылары Ибн Хордабек (IX ғ.), Әл-Хамадани (X ғ.), Әл-Макдиси –(X ғ.) еңбектерінде де Баласағұн туралы мәліметтер кездеседі. V-XII ғғ. Баласағұн Батыс Түрік қағанатындағы түргештердің (сары үйсіндердің), қарлұқтардың, қарахандардың және қарақытайлардың (қарақидандардың) астанасы, ірі саяси, экономикалық және мәдени орталығы болған. Әл-Макдиси өзінің зерттеулерінде

«игілікке бай, үлкен қала» болған десе, Махмұт Қашқари Баласағұнның Күз-Ұлыс немесе Күз-Орда деген басқа аттары болғанын хабарлайды. Осындай үлкен қала, түріктердің өзара феодалдық соғыстарының нәтижесінде XIV ғ. тарих сахнасынан түскендіктен, жылдар өте оның орны да, аты да белгісіз болды. Сондықтан да қазіргі таңда Баласағұн қаласының тұрған жерін анықтаудың тарихи да, ғылыми да зор мәні бар екенін ғалымдар түсініп, қаланың орналасқан жерін анықтауға көңіл бөлуде. Бірақ, қазірдің өзінде бұл қаланың орналасуы жөнінде әр түрлі пікірлер айтылып келеді. Осыған байланысты мақалада Баласағұн қаласы жөнінде ғылыми еңбектер мен археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесі туралы мәліметтер келтіруді жөн көрдік. VIII-IX ғасырларда өмір сүрген Әл-Хорезми дүниежүзілік географиялық карта жасап, Шу, Талас, Жетісу өңірлеріндегі түрлі қалаларды картаға түсірген, олардың координаттарын белгілеген. Солардың ішінде Баласағұн қаласы да бар. Тарихи деректерге қарағанда, VII ғасырдың соңы мен IX ғасырдың басында жасаған Хорезм ғалымы әл-Хорезми өзінің дүние жүзілік географиялық картасында Шу, Талас, Жетісу өңірлеріндегі түрік қалалары туралы сөз қозғайды. X ғасыр аяғында XI ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген Хорезм елінің ғалымы Әбу-Райхан Бируни жасаған дүние жүзінің географиялық картасында Баласағұнды $90^{\circ} 30'$ бойлықта, $44^{\circ} 40'$ ендікте орналастырған, Таластың $89^{\circ} 50'$ бойлықта, $43^{\circ} 5'$ ендікте жатқанын керсеткен [4, 116]. Белгілі ғалым, шығыстанушы Махмұд Қашқари да өзінің дөңгелек картасында Баласағұн жетінші климатта, Таластың шығыс-солтүстігінде орналасқанын баяндаған. Мұсылман дүниесінде карта сызғанда, орталығы Мекке етіп аталатын болса, ал М. Қашқари орталығын Қашқар қаласы етіп алған. Ендеше Батыс Түркістан картасында орталықты Баласағұн етіп алуы заңды сияқты. Бұл ғалым Баласағұнда жиі-жиі болып, ғылыми еңбектер жазған. Сондықтан әйгілі ғалым өзінің «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегінде Баласағұн жөнінде толығырақ мағлұмат берген. XIII ғасыр аяғы мен XVI ғасырдың басында өмір сүрген араб географы Әбу-л-Феда Баласағұнның орналасуын $91^{\circ} 50'$ бойлықта, $47^{\circ} 40'$ ендікте орналасқан карта керсеткен. Бұл қала түрік елінде 7-климатта орналасқанын баяндаған [4, 116]. Ғалымның Баласағұнның орналасуына берген анықтамасы жоғарыдағы айтылған әл-Бирунидің көрсеткен мағлұматына жақын келеді. Олай болса, Баласағұнның тұрған жері қазіргі ортағасырлық қаланың орны Ақтөбеге дәл келеді. Жоғарыда ғалымдардың Баласағұнның орналасқан жерін картада көрсеткендері бір-бірінен айтарлықтай алшақ кетпейді. Олардың барлығы Баласағұн Таластың шығысында, Шу өзенінің орталық ағысында екенін бірауыздан баяндайды. Көптеген араб және біздің елдің ғалымдары Баласағұнды ірі мәдениеттің орталығы және астанасы болғанын баяндап, бұл қала туралы мол мағлұмат берген. Солардың ішінде жоғарыдағы аты аталған Махмұд Ибн Вали Баласағұн жөнінде: Моңғолдар келгенге дейін Баласағұн жақсы сақталған, гүлденген қала болатын. Одан кейін қирап, азып-тозып, қаңырап қалған. Мен бұл кітабымды Балх қаласында жазып болған кезімде, маған Қашқардан келген бір жолаушы мынадай хабар айтты: Қашқардың қолбасшысы әскерімен Батыс түрік жеріндегі қалмақтарды бағындыру үшін шабуыл жасады. Шығыстан солтүстікке қарай жүріп отырып, екі айдан кейін бір қираған қалаға келдік. Айналасын құм басқан, биіктігі 4-5 зира, (бір зира 40-45 см) үлкен-үлкен үйлердің сақталған қабырғаларын көрдік. 4 фарсақ (бір фарсақ - 6 шақырым) қашықтықтан сарайып көрінген мұнаралар, сарайлар, медреселер анық көрінеді. Осы қаланың қасында қалмақтарға жетіп, екі арада шайқас болды. Оларды жеңіп, Қарабалта өзенінен кейін қайырып, жаңағы қираған қалаға алып келдік. Содан кейін қолға түскен қалмақтардан бұл қай қала деп сұрағанда, олар біздің білетініміз Баласағұн қаласы деп жауап берді. Шыңғысханның әулеті басқарған кезде осындай қирап, топырақ басып қалғанын баяндады. Біздер қаланы аралағанда, бұзылған үйлердің ішінен тұрмысқа қажетті нәрселерді көрдік: қазандар, қыштан жасалған әр түрлі ыдыстар, құмыралар, алшалар, т.б. бұйымдарды кездестірдік. Кейбір бөлмелерде өлген адамдардың мүрделері жатыр. Бұрын ең жақсы, үлкен қала болған, қазір қирап қалған. Қаланың аты да естен шыққан [4, 176]. Бұл келтірілген деректерден қашқарлықтардың келген қаласы бүлікшілікке ұшыраған, қирап қалған қала күйінде сақталған. Қашқан қалмақтарды Қарабалта өзенінің қасынан қайырып, жаңағы бұзылған қалаға айдап келуі, осы күнгі Ақтөбеге (Баласағұнға) ұқсайды. Қарабалта өзені

Ақтөбе қаласының батыс бөлігінің үстінен кесіп өтіп, Ақсу өзеніне құяды. Ендеше қашқарлықтардың келген қаласы апатқа ұшыраған, бүлінген Баласағұн болып отыр. Сөйтіп, қазіргі Ақтөбе бұрынғы Баласағұн деп айтуға бұл да бір тілге тиек дәлел. Белгілі 1210 жылы Тараз қаласының жанында Талас өзенінің жағасына Мұхаммед Хорезмшах пен Баласағұн билеушісі Гурхан мен екі ортада қанды соғыс болып, нәтижесінде Гурхан жеңіліп, Баласағұнға қайтып оралғанда қала тұрғындары өз ханын қалаға жібермеген. Хан тұрғындармен 16 күн соғысып, ақыры қалаға кіріп, Баласағұнды 3 тәулік бойы өртеп, 47 мың белгілі адамын өлтірген. Осының өзі-ақ Баласағұнның астаналық қала болғанын дәлелдейді. Шу өңіріндегі бізге белгілі ортағасырлық қалалардың қатарында өзінің көлемі жағынан ғалымдар зерттеген Ақтөбе қаласына тең келері жоқ. Тарихи деректерде Баласағұн Ұлы Жібек жолының бойындағы ірі түркі қалаларының бірі болған. Оның іргетасы ертеде салынып, осы ұлы жол бойындағы тарихта белгілі ірі қалалармен бірге дүниеге келген. Біраз әдеби, тарихи деректерде Баласағұн Қарахан әулеті кезінде пайда болып, оның басты астанасы болғаны баяндалады. Соған негізделе отырып, Баласағұнды іздеушілер оны IX-XII ғғ. жатқызып, сол ғасырға тура келетін археологиялық мәдениетті тілге тиек етеді. Біздіңше, Баласағұнды сәулелендіретін ортағасырлық қала бірнеше қабатты археологиялық ескерткіштер болуы тиіс. Оның астында антикалық, үстінде ортағасырлық қабаттар болуы керек. Ол қабаттардың ең үстінде Қарахан дәуірінің мәдениеті жайласқан. Яғни, IX-XII ғғ. мәдениеті. Баласағұнның ең гүлденген, өркендеген уақыты осы Қарахан әулеттерінің кезі. Олардың алдында өмір сүрген түргештердің (сары үйсіндердің), қарлұқтардың мәдениеті де Баласағұннан орын алған. Бірақ, ол кездің мәдениеті төменгі қабаттарында жатыр. Баласағұн қаласы антикалық, ортағасырлық мәдениетті өзінің бойында сақтаған ұлы археологиялық ескерткіш ретінде қараған жөн. Ол Қарахан әулеті кезінде гүлденген. Гурхан тұсында қираған. Өйткені бұл қала олардың тұсында да ірі экономикалық және мәдени орталық болған. Міне, осы пікірлерді көп жылдар бойы зерттеліп келе жатқан Ақтөбеден табуға болады. Баласағұн Самарқанд, Ташкент, Испиджаб (Сайрам), Тараз сияқты қалалардың замандасы[2, 526]. Мұхаммед Хайдар Дулатидің еңбегінде: «Джу елінде күмбезі мен мұнарасы ғана қалған, қираған қала орны бар, оны жергілікті халық «Борана» деп атайды»[3, 4576]- делінген. Автор осы жерде құдай жолын қуған имам Мұхаммед Фатих Баласағұнидің қабірі бар екендігі жайлы да хабарлайды. Бұл дерек Баласағұнның орны осы Борана емес пе деген ой тудырады. Борана–Шу өңіріндегі ең үлкен ескерткіштердің бірі. Токмақ қаласынан оңтүстікке қарай 15 км жерде орналасқан. Оны 1978–1983 жылы В.Д.Горячева зерттеген. Қала айналасы төртбұрышты қорғаныс дуалмен қоршалған. Солтүстік және батыс қабырғаларының ұзындығы 570 м, оңтүстік жағы 600 м, ал шығыс жағы 500 м[3, 4586]. Ғұламалардың айтқанындай, Баласағұн - Шарғау, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ сияқты төрт өзеннің Шуға құятын төменгі ағысында орналасқан. Сондықтан да бұл аймақта құрғақшылық болмайды. Суы мол, егіншілікке, қала тұрғындарына өте қолайлы, тамаша жер Ақтөбе қаласын да қорша ған. Оның жалпы ұзындығы - 52 км, сыртында су жүретін тоған (канал) салынған. Қала тұрғындары қамалдың ішіне шоғырланған. Кейінгі зерттеулерге қарағанда, ордың сыртында да адамдардың жасағанын көрсететін қоныстар ашылды. Бұндай қаланы қоршаған бекіністердің салынуына қарағанда, Мақдасидің жазғанындай, қаланың тұрғындарының саны өте көп болған. Тағы бір тарихи мәліметке тоқталатын болсақ, Баласағұнды ашуымыздың Троя қаласын табумен үндестігі бар екенін аңғарамыз. 1868 жылы неміс азаматы Генрих Шлиман Грецияға келіп, орналасқан жері белгісіз болған. Баласағұн сияқты Троя қаласын Гомердің «Илиада» шығармасы бойынша іздеп, Бунарбашы мекеніне жақын жерден жерге көмілген қаланың орнын тауып, оны қазып, сол Троя қаласы екенін тапқан[1, 646]. Г.Шлиман Троя қаласын іздегенде, «Илиада» поэмасында Троя қаласының қасында бірі - ыстық, екіншісі - салқын бұлақтардың бар екенін тілге тиек еткен және теңізге жақын орналасқанын да ескерген. Міне, осындай белгілерді тауып, сол жердегі қаланың орнын зерттеуге кіріскен. Біздің археологтар Баласағұнды іздегенде, осындай тарихи жерлер Баласағұнның төңірегінде де болғанын М. Қашқари жазып кеткен. Баласағұн төңірегіндегі сондай ономастикалық атау Ақтөбенің төңірегінен табылды: Юн-Арық, Әулиетау және

Бакыртау. Г.Шлиман Троядан алтын тапса, ғалымдар Баласағұнда теңгелерді дайындайтын сарайды ашып, 5000 мыс теңге және қыруар жәдігерлерді тапты[5, 696]. XIX ғасырдың аяғында шығысты зерттеуші белгілі ғалым В.В. Бартольд Баласағұн қаласының тарихына және оның қай жерде орналасқанына айрықша көңіл бөлген. Ғұламаның еңбегінде XIV ғасырдың бірінші онжылдығында Баласағұн өзінің ежелгі атымен аталғаны белгілі. Алайда, Ақсақ Темірдің жорықтарын жазғанда Баласағұнның аты аталмайды. Олай болса, Шу, Іле және Талас қалалары сияқты XIV ғасырдан бұрын үздіксіз болып жатқан тақ үшін өзара күрестердің нәтижесінде қираған болуы керек деген пікір айтқан[6, 3576]. Ғалымның пікірі бойынша Шу, Талас, Жетісу өңірлеріндегі көптеген қалалар, соның ішінде Баласағұн да бұрынғы тарихи мәнінен айырылып, қирап, уақыттың өтуімен, бұл қалалардың аттары да және орналасқан жерлер де жергілікті тұрғындардың естерінен шығып қала берген. Тек олардың жер бетінде болғандығы туралы азды-көпті деректер ғана сақталған. Қазақстандағы археология ғылымының негізін қалаушы академик Ә.Х.Марғұлан Шу ауданындағы Ақтөбе қаласында қазба жұмыстарының жүргізілуіне қатысып, ескерткішпен жан-жақты танысып, табылған бұйымдарға шолу жасап, ортағасырлық Баласағұн қаласының орны осы болуы керек, деген болжам айтты. Ортағасырлық ғұламалардың ішінде Баласағұн туралы жан-жақты мағлұмат берген — Махмұд Қашқари. У.Х.Шәлекенов «У-ХІІІ ғасырлардағы Баласағұн қаласы» деген еңбегінде М.Қашқаридың сызған дөңгелек картасы мен «Диуани лұғат ат-түрк» ғылыми мұрасынан көптеген деректер келтірген. М.Қашқари өзінің еңбегінде табиғи-географиялық жағдайды ескере отырып, Баласағұн екі таудың арасында орналасқан деген қорытынды жасаған[2, 726]. Олар Ақтөбе (Баласағұн) қаласының солтүстік шығысында созылып жатқан Жайсан тауы мен оңтүстігінде Қырғыз Алатауы екені байқалып тұр. Махмұд Қашқари Баласағұнға жақын жатқан жерлердің, қалалардың атын атайды. Оның төңірегінде үлкенді-кішілі қалалар, ауылдар көп болған. Олардың кейбіреулері Баласағұнмен іргелес жатқан. Солардың бірі - Қырықүй қаласы. Қарақыршын, Тасқала (Төрткіл), Тоқташ, Сабыр осы күнгі Ақтөбенің (Баласағұнның) солтүстігіндегі жалғасып жатқан қалалар болса, оның оңтүстігіндегі осы күнгі Қырғызстанға қарайтын жерлерде орта-ғасырлық қалалар жеткілікті. Осы көптеген қалалармен отырықшы мекендердің ортасында Баласағұн орналасқан. Бұл қала Ақсу, Қарабалта, Тоқаш өзендерінің Тасөткелге құяр сағасында Қырықүй қаласы орналасқан[5,70]. Жалпы, қала қазақтардың көп ұлттан құрылған ауылдарды да, қалаларды да осылайша айта беретіні баршаға мәлім. 1974 жылдан бастап ҚазМУ археологтарының экспедициясын басқарған профессор У.Х.Шәлекенов 30 жыл бойы зерттеп, Шу өңіріндегі Шу өзенінің сол жағасында орналасқан (жергілікті халық «Ақтөбе» деп атап кеткен) көне қала орнын Баласағұнның орны деген пікір қалыптастырған[4,35]. Қазба жұмысы кезінде Ақтөбеден (Баласағұннан) құнды бай деректер табылды. Цитадельден хан тұрған сарай бөлмелері, оның алаңы, шығыс монша, сарайға кіретін тас жолдар табылса, Шахристаннан қолөнер, кәсіп орталығы, тұрғын үйлердің бөлмелері, ақша шығаратын және зергерлер сарайы, 5000 Қарахан дәуірінің теңгесі сияқты бұйымдар жиналды. Рабадан - жер астымен тартылған құбырлар, тұрақты мекендер, хауыз (бассейн) және т.б. шықты[2, 1246]. Бұл табылған дүниелер ҚР Орталық мұражайында, Тараз педагогикалық институтының тарих мұражайында, сондай-ақ ҚазҰУ-дың археологиялық мұражайында сақтаулы. Олар Ақтөбенің Баласағұн екенін тарихи ономастикалық, археологиялық жазба деректерге сүйене отырып дәлелдеген. Сол дерек бойынша Ақтөбенің кіші және үлкен картасы жасалып, қаланың жалпы көлемі белгіленген. Оның орталығы 70 шаршы шақырымды алып жатыр. Орналасқан жері біркелкі тегіс, өте құнарлы жер. Қорғанның қазіргі сақталған биіктігі - 5-6 метр[4, 356]. Ақтөбе (Баласағұн) шаһарын зерттеуде ат салысқан археологтардың бірі М.Елеуовтың пікірі: «1974 ж. бастап Шу өңіріндегі ортағасырлық Ақтөбе қаласындағы зерттеулерді Әл-Фараби атындағы Қазақтың мемлекеттік ұлттық университетінің археологиялық экспедициясы жүргізіп келді. Ширек ғасырға жуық жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде ортағасырлық қаланың тарихи-топографиялық құрылымы анықталып, оның әр түрлі бөліуітерінде археологиялық қазба жүргізілді. 1976-1990 жж. Аралығында қаланың цитаделінде үш стратиграфиялық кесік және 8 қазба жүргізіліп, оның VI-ХІІІ ғ. бас кезінде өмір сүргені анықталып, үш хронологиялық

кезенде (VI-VIII ғғ. бірінші жартысы; VIII ғ. екінші жартысы - XI-XIII ғғ. бас) салынған бекініс (замок), қамалдар, мұнаралар, салтанатты сарай кешені, алаңдар, қақпа, монша т.б. құрылыс қалдықтары ашылды» [4, 376]. Тарихи деректерге сүйенсек, VIII ғасырдың I-жартысында Шу және Баласағұн қалалары Түркеш қағанатының құрамына енген. Олай болса, Шу қаласының тарихы VIII ғасырдың I жартысынан басталады деп айтуға толық ғылыми негіз бар екендігін У. Х. Шәлекенов дәлелдеді. Шу қаласы 12 ғасыр өтсе де өзінің алғашқы атын сақтап келе жатқан тарихи ортағасырлық қалалардың бірі. Өткен жылдар ішінде археологтар Баласағұнның көптеген сырын ашып, одан табылған құнды деректер халқымыздың ортағасырлық тарихын жазуда үлкен мағлұмат береді. Талай сырлар әлі де ашылмақ. Бұдан бұлай ғылыми тұрғыдан Баласағұн деп жариялап, ол қаланы Жібек жолындағы ең ірі туристердің баратын тарихи жеріне айналдырып, осы арада Баласағұн қорығын ұйымдастыру - болашақтың ісі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Шәлекенов У.Х., Құм басқан қала. – Алматы: Қазақ университеті, 1992
2. Шәлекенов У.Х., V-XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы. – Алматы: Жібек жолы, 2007
3. Дулати М.Х., Тарих-и Рашиди., - Алматы: Тұран, 2003
4. Шәлекенов У.Х., Баласағұнның жұмбағы шешілді. – Алматы, 2004
5. Қашқари М., Түрік сөздігі. – Алматы, 1997
6. Бартольд В.В., Баласағұн. Соч. Т. III. М., 1965

ҰЛЫ ДАЛА ТӨСІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ РУХ

Қырғызбай Н.Ж.,

Ғылыми жетекші: фс.ғ.к., доцент Сағатова А.С.
Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті

Ұлттық рух дегеніміз не? Ұлттық рух – елдің арман – мұраттары, тұтастығы, қайталанбас қасиеті, ділі, мінезі.

Ұлттық рухты көре алмаймыз, ұстай алмаймыз. Рух біздің ақын – жырауларымыздың шығармашылығында, данагөй бабаларымыздың ой – танымында ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мұра арқылы өз көрінісін береді.

Ұлттық рух үнемі өзгеру және жаңдану үстінде. Әр ұлттың рухы сол елдің, жердің дүниетанымына, көзқарастарына, мәдени – мұраттарына, мінезіне тікелей байланысты. Мұрат–мүдделердің қалыптасып, шындалуы үздіксіз болатын үдеріс және оның жарық шашып, нұрлануы өміршендігін көрсетеді.

Ұлттық рух қандайда бір қиындық сәттерде адамзат баласына бой көрсетер күш, жігер береді. Әрі рухани мұралардың ерлікке, елдікке шақырып, бұғаудан босануға, жарқын болашаққа бет түзеу үшін маңызы зор.

Ұлттың рухани байлығы оның сөз өнерінде байқалады. «Ақын сөзіне жұрт рухының сәулесі түспей тұрмайды», - деп А.Байтұрсынұлы айтқандай, ұлттық рухтың бедерленуі халық шығармашылығында кең құлаш жайды [1, 79 б.].

Қазақ даласының мәдениеті мейлінше терең дәстүрі бар аса күрделі және көп қыртысты құбылыс. Тек осы тәсілмен ғана мәдениет саласында «өзіндік ерекшелікті» тап басып тануға болады. Оған дәлел әлімсақтан бері – Бейбарыстан Бабырға дейін, Елтеміштен Шоқанға дейін, қазақ мәдениеті біздің түркі бабаларымыздың мәдениеті сияқты, қандай әсер – ықпалды бастан кешірсе де томаға тұйықтыққа бейімделмеген, ұдайы жаңғыру үдерісін бастан кешіріп отырған.

Қазақтардың тарих-мәдени болмысының тек–тамыры мейлінше тереңде. Ондай тек–тамыр алғашқы қазақ хандығы құрылған кезеңмен шектелмейді. Қазақтардың тарихи тұрақталығы, төл тұрағына бауыр басуы әр түрлі тарихи кезеңдерде айрықша рөл атқарған. Барша қазақты атамекенінен кіндік үзуге мәжбүрлейтін күш бұл дүниеде бола қоймас. Ондай күш демографиялық та, миграциялық та, мәдени де тұрғыдан нәтиже бермейді.